

ҚР ТЖ вице-министрі Қарашығанақта

2011 жылдың 14 қазанында Батыс Қазақстан облысына Қазақстан Республикасының Төтенше Жағдайлар вице-министрі Жанболат Смаилов келді. Сапар барысында вице министр Батыс Қазақстан облысы ТЖ департаментінің жеке құрамымен кеңес өткізіп, онда мемлекет басшысының 2011 жылдың 28 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауын түсіндіру жөнінде баяндама жасады.

Вице министр тәуелсіздік жылдарындағы еліміз үшін маңызды жетістіктерді атап өтті. Президенттің индустриалды-инновациялық өркендеу Бағдарламасын жүзеге асырудың алғашқы жылы барысында маңызды және нақты нәтижелер алынды. 2010 жылы республика бойынша 152 кәсіпорын іске қосылып, 24 мың қазақстандықты тұрақты жұмыспен қамтыды. Бүкіл қазақстан бойынша әртүрлі 800-дей өндіріс ашылды. Химиялық және жеңіл өнеркәсіпті қайта жандандыру мен дамыту, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу жұмыстары белсенді баста-

лып кетті.

Жолдауда ауыл тұрғындары үшін дәрігерлік көмектің қолжетімділігін кеңейту мүмкіндігі туралы айтылды. Осыған байланысты мемлекет басшысы өткен жылы старт алған әлеуметтік жоба «Денсаулық», «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» емдеу диагностикалық жаңа пойыздарының оң жақтарын атап өтті. Олар Төтенше жағдайлар Министрлігі мен Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы арасындағы ведомства аралық қарым қатынас шеңберінде ұйымдастырылған болатын. «Саламатты Қазақстан» жаңа пойызының дәрігерлік вагондары кешенді диагноз қою мен пациентті емдеу, соның ішінде шағын амбулаториялық операциялар жасай алатын заманауи клиникалық диагностикалық, рентгенді, тағы басқа да құрал жабдықтарымен жабдықталған. Ж.А. Смаилов өз сөзін аяқтай келе, Батыс Қазақстан облысының еңбекқор адамдары мен жақсы экономикалық жағдайы Мемлекет басшысының көзекті Жолдау-



ында алдымызға қойған міндеттерді табысты орындап шығуға мүмкіндік береді.

Вице-министр ТЖ департаментіне қарасты басқармалар мен бөлімдердің бастықтарымен, басқа да құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерімен кездесті. Кездесу барысында бөлімшелердің жұмыс нәтижелерінің есебін тыңдады, Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оның зардаптарын жою жұмысын ары қарай жетілдіру міндеттерін қойды.

Сол күні вице министр Бөрлі ауданы Ақсай қаласында болды. Онда «Өрт сөндіруші» АҚ өрт сөндіру бөлімінде болып, КПО компаниясының басшыларымен кездесті. Қарашығанақ кен орнына сапар барысында вице министрмен Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары, ТЖ жөніндегі аудандық комиссияның төрағасы Ф.Ф. Орынғалиев, БҚО ТЖД бастығының орынбасары П.В. Филиппов, «Өрт сөндіруші» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры С.И. Күзенбаев, БҚО ТЖД

Бөрлі аудандық ТЖ бөлімінің бастығы Ж.Т. Миндеев, БҚО ТЖД бастығының орынбасары Р.Б. Бляловтар бірге болды.

Кездесу Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінің әкімшілік ғимаратында өтті. Кездесу барысында Ж. Смаилов мырзамен бірге ҚҚӨ кешені аумағында орналасқан КПО-ның өндірістік нысандарына қысқаша экскурсия жасалды. КПО-ның басшылығымен жылы қоштасқан Ж. Смаилов мырза компанияның барлық қызметкерлеріне қызықты кездесу мен пайдалы сапар үшін алғыс айтты. «Бұл менің осындай ірі кәсіпорынға алғашқы сапарым болып табылады», - деді вице-министр.

КПО қызметкерлері Халықаралық менеджмент бағдарламасы бойынша оқыды

2011 жылдың 10 қыркүйегінде «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы (КПО) компанияның қырық үш қазақстандық қызметкері Британдық Көшбасшылық және менеджмент институтымен бірге ұйымдастырған сертификатталған менеджмент (ILM) бағдарламасы бойынша оқу бітірді деп жариялады. КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази бұл турасында былай деді: «Тұрақты өркендеу негізінде жергілікті қызметкерлерді өсіру мен озық тәжірибелермен таныстырып отыру біздің жұмысымыздың аса маңызды бағыттарының бірі. Біздің қызметкерлеріміз біздің табысты қызметіміздің іргетасы, сондықтан КПО кадрларды жергілікті тұрғындар есебінен көбейту бағдарламасын толықтай жүзеге асыруда. Бүгінгі таңда КПО қазақстандық мамандарды оқыту мен үйретуге 140 млн. доллардан астам қаржы жұмсады».

Джузеппе Пази оқуды бітірушілерге арнаған сөзінде:



«Мен сіздер өте пайдалы білім алды деп сенемін. Енді сіздердің сол білімді пайдаға асыруға және КПО-ның болашақ жоспарларын жүзеге асыруға мол мүмкіндіктеріңіз бар», - деді.

КПО ұлттық кадрлар са-

нын арттыру бағдарламасына ерекше көңіл бөледі. Сондықтан да компания қазақстандық қызметкерлерге халықаралық деңгейде білім беру мен заманауи басшы дайындау үшін ерекше стратегия дайындады.

Бүгінгі таңда компанияның басшылық қызметтерінің 65% мен орта және төменгі звено басшылығының, техникалық мамандардың 93% жергілікті мамандардың үлесіне тиеді деп атап көрсетті КПО-ның еңбек ресурстары бойынша

басшысы Серджио Зановелло.

ILM бағдарламасының директоры Мэри Брукс: «ILM оқу бағдарламасы кәсіби оқу мен КПО-ның жергілікті мамандар санын арттыру бағдарламасы шеңберінде қазақстандық қызметкерлер санын арттыруды толықтырады. Басқару дағдылары ILM тыңдаушыларының кәсіби құзырлығын арттыратынына сенімдімін, ал бұл олардың жалпы КПО-да қызметтік саты бойынша жылдам өсуіне қызмет етеді», - деп атап өтті.

КПО жергілікті қызметкерлер санын арттыру бойынша жаңа онжылдық бағдарламасын дайындады. Бағдарламаның міндеті таяу жылдарда қазақстандық менеджмент санын 70% және орта және төменгі звено басшылығының санын 95% жеткізу. Бұл бағдарламаны ҚР Өкілетті органы бекітіп, ҚР Еңбек және Әлеуметтік қорғау Министрлігі мен Қарашығанақ жобасы бойынша әріптестері қолдау жасаған.

Қала күні тойланды

Жақында Ақсай қаласының күні тойланды. Бір қуанарлығы бұл күні күн шуақты, жылы болды. Кешке қарай жауын жауғанымен бұл мерекені бұза алған жоқ. Қала халқы үлкен кішісіне қарамай көшеге шығып, жалпы халықтық мерекеге қатысты. Сол күні дәстүрлі «Менің Қазақстаным» пойызының келуі мерекенің шырайын аша түсті. ҚР Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына арналып, ел аралап келе жатқан мерекелік пойыз Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласына да келіп жетті.

Бұл акцияны «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы мен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ұйымдастырған. Пойыздың құрамында әлеуметтік қызметтердің өкілдері мен денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, банк саласының қызметкерлері бар. Осынау үлкен шараның мақсаты еліміздің барлық аймақтарының тұрғындарын республикамыздың мерейтойына тарту, азаматтарды қызықтыратын сауалдар бойынша кеңестер беру.

Қонақтарды перронда бөріліктер жалаушалар мен үрмелі аспаптар оркестрімен қабылдады. Келген делегацияның құрамында қазақстандық өнер жұлдыздары Алтынбек Қоразбаев, Тахмина Ашимбекова, Евгений Шахрай, Олимпиада чемпиондары боксер Ермахан Ибраимов және палуан Юрий Мельничен-

ко, журналистер Д. Кенжалин, Ж. Абенова және басқалар бар. Мерекелік митинг өткізіліп, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан солдаттар мен офицерлердің ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Осынау республикалық акцияның қатысушылары күттықтай отырып, облыс әкімінің орынбасары Ербол Салықов былай деп атап көрсетті: «Менің Қазақстаным» пойызының келуі Тәуелсіздіктің жиырма жылында елімізде атқарылып жатқан игі істердің жолбасшысы, біздің жеңістеріміз бен табыстарымыздың хабаршысы болып табылады.

Үгіт пойызы үш айлық сапары кезінде ондағы белгілі қоғам қайраткерлері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері, әртістер мен дәрігерлер тобымен бірге республикамыздың 115 станциясы мен разъезін қамтиды. Әлеуметтік саланың біліктілігі жоғары қызметкерлері, Қазақстанның мемлекеттік қызметі мен ведомстваларының өкілдері, кредит саласының сарапшылары, заңгерлер мен дәрігерлер тұрғындарға өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша ақыл-кеңес береді.

Күні бойы дәрігерлер мен Еңбек және әділет Министрлігінің, «Нұр Отан» партиясының өкілдері азаматтармен қабылдау өткізді. Аудандық ауруханада келген дәрігерлерге қаралып, кеңес алу үшін кезекке тұрғандар саны көп болды.



Ал қазақстандық чемпиондар «Олимп» спорт клубында болып, балаларды бір қуантты.

Мереке бағдарлама бойынша Наурыз бульварының салтанатты ашылуымен жалғасты. Дәстүрлі лента қиылып, құттықтау сөздер айтылды. Су бұрқақ аспағна атылып, қала тұрғындары мен қонақтар мәре-сәре болды. Қаланың өнер ұжымдары әзірлеген концерт тамашаланды.

Сонымен бірге бұл күні Ф.Жәңгіров атындағы саябақта да үлкен думан өткізілді. Балалардың өнер мектебінің, мектептен тыс жұмыстар орталығының,

қалалық мектептер мен балалар бақшасы балаларының жұмыстары қойылған көрме ұйымдастырылды. Ал кәсіпкерлер болса нан өнімдерінің түр-түрін, бөлке гүлдерін, кондитер өнімдерін әкелген. Спортшылар бұл күні қол күресі мен арқан тартудан қызу жарыс өткізді. Жеңімпаздар ескерткіш сыйлықтар мен мақтау қағаздарымен марапатталды.

Түс ауа Мәдениет үйінде «Менің балалық шағымның аспаны» фильмі мен «Бәйтерек» фильмі көрсетілді. Сонынан жұртшылық қазақстан эстрада жұлдыздарының үлкен концерті мен от шашуды тамашалады.

Құрметті әріптестер!

Мен Стефано Мантеллассидың маркетинг бойынша басқарушы қызметіне тағайындалғанын құрметпен хабарлаймын.

Стефано мұнай және газ саласында 20 жылдан артық Италия, Нидерланды, Қазақстан елдерінде басшылық қызметте 13 жылдан артық қызмет жасады.

Соңғы екі жылда Стефано ЭНИ компаниясының Миландағы офисында сатып алымдар, перспективалық жоспарлау және бақылау жөніндегі менеджер қызметін атқарды.

Сіздердің Стефаноны жаңа қызметке тағайындалуымен құттықтауыма қосылатындарыңызға сенемін.

Стефано маркетинг бойынша басқарушы қызметіне Фабио ДиМайодың орнына келді. Мен Фабиоға алғысымды білдіріп, ЭНИ компаниясының Индонезия кеңсесіндегі жаңа қызметіне табыс тілеймін.

Ізгі ниетпен, Кеннет Линч
Еңбек ресурстары бөлімінің басқарушысы

КПО OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкестілік қайталама сертификаттауынан өтті

Біздің компания кәсіби денсаулық пен қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау басқару жүйелерінің халықаралық OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкестілік бойынша қайталама сертификаттау аудитінен сәтті өткенін қуанышпен хабарлаймын.

Халықаралық OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттары бойынша сәйкестік сертификатына қол жеткізу компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша үлкен жауапкершілігінің артқанына дәлел болды, сонымен қатар халықаралық ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ең қатаң талаптарға сай болу қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады.

КПО басшылығы аудит жүргізуге жұмылдырылған қызметкерлер мен КПО-ның үдерістері мен процедураларын енгізіп, үнемі қолданатын барлық қызметкерлеріне алғысын білдіреді. Біз бұл жетістікті мақтан тұта аламыз, өрі біздің ортақ мақсатымыз КПО атынан жұмыс істеп жатқан әр қызметкердің жарақат алмауы мен денсаулығына кері әсер тигізбеу мақсатында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.



Менің туған ауылым

Ағымдағы жылдың 21-ші қыркүйегі, Ақсай қаласының мәдениет үйінде КПО компаниясы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан бес ауылдың оқушылары арасында өткен суреттер, фотосуреттер және шығармалар конкурсының қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімін өткізді.

Конкурс оқушылардың жазғы демалысы кезінде тұрғындарды дамытуға бағытталған КПО-ның бағдарламасы аясында өткізілді. Конкурсқа Успен, Жарсуат, Березов, Приуралье және Қызылтал ауылдарынан әртүрлі жастағы (1-11 сынып) оқушылар қатысты.

Марапаттау рәсіміне Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары, аудандық білім беру және қоғамдық ұйымдар бөлімінің өкілдері, консультациялық кеңестің мүшелері және конкурс пен марапаттау рәсімін дайындауға үлес қосқан КПО қызметкерлері қатысты.

Конкурстың 57 жеңімпазы дипломмен және сыйлықтармен марапатталды. Марапаттау рәсімі кезінде оқушылардың үздік жұмыстары көрсетілген болатын. Оқушылар мен кеш қонақтары Бөрлі ауданы көркемөнерпаздары әзірлеген концертті тамашалады.

Бір күнде және бір жерге бес ауылдың оқушыларын жинап, осындай кең көлемді шараны ұйымдастыру тұрғындармен, мемлекеттік емес ұйымдармен және жергілікті өкімет органдарымен жоғары бағаланды.

